

А.А. Болатова¹ , М.Б. Сабыр^{2*} 

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан

²Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

*e-mail: sabir_uralsk@mail.ru

«ОРТА АЗИЯЛЫҚ ТӘПСІР» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Орта түркі дәуірінде саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени жағдаяттардың нәтижесінде түркі тілдері жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, ұлттық сипатта даралану үдерісі басталды. Осы дәуірде дүниеге келген жазба ескерткіштердің бүгінгі қазақ тілі тарихы үшін маңызы зор және оларды тілдік тұрғыдан зерттеу де өзекті мәселе.

Зерттеу еңбектің мақсаты осы дәуірде жазылған «Ортаазиялық тәпсір» жазба ескерткішінің тілдік ерекшелігін саралау. Жазба мұра Құран кәрімнің орта ғасырлық түркі тіліне алғашқы аудармаларының бірі болып саналады. Оның тілдік ерекшелігі туралы түркітану ғылымында әлі күнге нақты тұжырым айтылмауы, тақырыптың көкейкестілігін көрсетеді. Жазба ескерткіштің тілі зерделеудің практикалық маңызы да зор. Қағазға түскен тілдік деректер қазақ тілінің жалпытүркілік, қыпшақтық қабаттарынан мол ақпарат береді.

Зерттеу барысында тәпсірдің лексикалық қоры қазіргі қазақ тілімен тарихи-салыстырмалы әдіспен салыстырыла талданып, диахронды-синхронды әдістер, баяндау, талдау тәсілдері де кеңінен қолданылды. Қазақ тіліндегі баламаларымен тұлғасы да, мағынасы да ортақ сөздер өте көп екені анықталды. Олар бірнеше сөз табына, атап айтсақ зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер, үстеулер, етістіктер, көмекші есімдер деп жіктеліп, сарапталды. Мұндай екі дәуір тіліне ортақ лексикалық параллельдер қазақ тілінің тарихи лексикологиясының дерек көзі десе болады. Жазба ескерткіштің тіліне қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарағанда айқын байқалатын түбір-негіздер бүгінгі тілдің көне дәуірдегі ізі, тамыры. Сонымен қатар мұндай тілдік бірліктер қазіргі қазақ тілін орта ғасырлық түркі-қыпшақ, қала берді көне түркі тілімен байланыстырып тұрған құнарлы өзек.

Зерттеудің құндылығы – «Ортаазиялық тәпсір» қолжазбасының тілі қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған, бүгінгі қазақ тілінің тарихы үшін аса қажетті дереккөз бола алатын жазба жәдігерлік деп тұжырымды ғылыми ортаға ұсынуы. Зерттеу жұмысының нәтижелерін көне қыпшақ тілі, көне қазақ тілі, түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы сияқты ғылыми курстарда қолдануға болады.

Түйін сөздер: орта түркі дәуірі, тәпсір, лексика, түбір-негіздер, қыпшақ-оғыз тілі.

A. Bolatova¹, M.B. Sabyr^{2*}

¹Mukhtar Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan

²West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: sabir_uralsk@mail.ru

The Lexical Features of the Written Monument “Central Asian Tafsir”

During the Middle Turkic period, profound political, social, historical, and cultural transformations led Turkic languages to a new qualitative development stage and initiated their gradual differentiation along emerging ethnic and national lines. The written monuments created in this era are of exceptional importance for the history study of the modern Kazakh language, and their linguistic analysis remains a pressing issue in contemporary Turkological research.

The purpose of this study is to examine the linguistic and, in particular, lexical features of the written monument known as the “Central Asian Tafsir.” This manuscript is regarded as one of the earliest translations of the Qur’an into a medieval Turkic language. The absence of a definitive scholarly consensus concerning its linguistic classification and characteristics underscores the relevance and timeliness of the present research. The practical value of analyzing the language of this monument lies in the fact that its recorded lexical material provides rich evidence of the Common Turkic-Kipchak layers underlying the Kazakh language.

The research employs the historical-comparative method, as well as diachronic and synchronic approaches, descriptive analysis, and systematic lexical classification. The findings reveal a substantial

number of lexical units that correspond to modern Kazakh both formally and semantically. These units were categorized into major parts of speech, including nouns, adjectives, numerals, pronouns, adverbs, verbs, and auxiliary nouns. Such lexical parallels shared by two historical stages of the language constitute an important empirical basis for Kazakh historical lexicology. From the standpoint of contemporary Kazakh, the root morphemes preserved in the monument represent ancient foundations and enduring structural elements that connect the modern language with the medieval Turkic-Kipchak and Old Turkic traditions.

The study concludes that the language of the “Central Asian Tafsir” reflects a mixed Kipchak-Oghuz character and serves as a significant written source for reconstructing the historical development of the Kazakh language.

Keywords: Middle Turkic period, tafsir, vocabulary, root bases, Kipchak-Oghuz language.

А.А. Болатова¹, М.Б. Сабыр^{2*}

¹Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара Ауэзова, Шымкент, Казахстан

²Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан

*e-mail: sabir_uralsk@mail.ru

Лексическая характеристика письменного памятника «Среднеазиатский тафсир»

В среднетюркскую эпоху в результате политико-социальных и историко-культурных процессов тюркские языки вышли на новый качественный уровень развития, начался процесс их национальной дифференциации. Письменные памятники, созданные в этот период, имеют особую значимость для истории современного казахского языка, а их лингвистическое изучение остаётся актуальной научной проблемой.

Целью данного исследования является анализ языковых особенностей письменного памятника «Среднеазиатский тафсир», созданного в рассматриваемую эпоху. Отсутствие до настоящего времени чётко сформулированных научных выводов о его языковой специфике в тюркологической науке обуславливает актуальность избранной темы. Лингвистическое исследование данного письменного памятника имеет также значительную практическую ценность, поскольку зафиксированные в нём языковые данные содержат богатый материал, отражающий общетюркские и кипчакские пласты казахского языка.

В ходе исследования лексический состав тафсира был подвергнут сравнительно-историческому анализу с современным казахским языком. В работе широко использовались диахронический и синхронический методы, а также описательный и аналитический подходы. Установлено, что в тексте памятника представлено значительное количество слов, совпадающих с современными казахскими эквивалентами как по форме, так и по значению. Выявленные лексемы были систематизированы по частям речи, в частности, существительные, прилагательные, числительные, местоимения, наречия, глаголы и служебные имена, и подвергнуты детальному анализу. Подобные лексические параллели, общие для языков двух исторических эпох, могут рассматриваться как важный источник для исторической лексикологии казахского языка.

Рассмотрение языка письменного памятника с позиций современного казахского языка позволяет выявить отчётливо сохранившиеся корневые основы, которые представляют собой следы и истоки древних этапов развития языка. Такие языковые единицы образуют прочную связь современного казахского языка со средневековым тюркско-кипчакским, а также с среднетюркским языковым пластом.

Научная ценность исследования заключается в обосновании положения о том, что язык рукописи «Среднеазиатский тафсир» представляет собой кипчакско-огузский смешанный тип и может служить значимым письменным источником для изучения истории казахского языка. Результаты исследования могут быть использованы в рамках учебных курсов по древнекипчакскому языку, древнему казахскому языку, а также сравнительной лексикологии тюркских языков.

Ключевые слова: среднетюркская эпоха, тафсир, лексика, корневые основы, кипчакско-огузский язык.

Кіріспе

Орта түркі дәуірі (X-XV ғасырлар) – ежелгі дәуірлер мен орта ғасырлық әдеби тілдер арасындағы тарихи-мәдени үдерістердің нәтижесінде түркі тектес тайпалар тілінің құрылымдық жағынан да, функционалдық тұрғыдан да жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, ұлттық деңгейде даралану кезеңі. Бұл кезең саяси, әлеуметтік дүбірлі оқиғаларға толы. Бұл дәуірді монғол шапқыншылығына дейінгі кезең, монғол шапқыншылығынан кейінгі кезең деп жіктеп қарастыру ғылымда орын алған.

XIII ғасырдың 60 жылдарынан бастап Жошы Ұлысы жалпыимпериялық орталықтан бөлінген дербес мемлекет ретінде бой түзеді. Мемлекет құрамына әртүрлі тілде сөйлейтін отырықшы және көшпелі халықтар енді. Алтын Орда Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында саяси және экономикалық жағынан қуатты империяға айналды. Империяны бір орталықтан басқару жүйесі күшейіп, шаруашылық дамып, сауда-саттық өркендеді. Өте үлкен тұрақты әскер қалыптасып, Азербайжанға және Шығыс Еуропаға жасалған жорықтар сәтті аяқталды.

Жошы Ұлысы қалыптасу кезеңінде көптеген түркі халықтары тәңірлік дүниетаныммен бірге ислам дінін де ұстана бастаған еді. Алтын Орда билігі жаулап алған жерлеріндегі халықтардың діни ұстанымдарына еркіндік беріп, тіпті дін өкілдерін әртүрлі салықтардан босатып тұратын. Қандай да бір мемлекеттің өсіп, өркендеп, нығаюында дін мәселесі де аса өзекті. Мұсылман әлемінің ықпалы іштен де, сырттан да болғаны байқалады. Еділ бойындағы бұлғар қалаларындағы тұрғындар ежелден мұсылман болса, Хорезм мен Бұхара жұрты да ислам дінін ұстанатын. Ал Алтын Ордамен тығыз саяси қарым-қатынас ұстанған сонау Мысырдағы мамлюк әмірлері де Ислам дінін, оның ішінде Абу-Ханифа мазһабын ұстанды. XIV ғасырдың басында мемлекеттік дін ретінде исламды қабылдау толық аяқталды. Мұсылмандық бір орталықтан басқарған хан билігін күшейтті, сонымен қатар ұшқан құстың қанаты талатын қыпшақ дала-сында созылып жатқан Жібек жолы бойында мұсылман қауымның өмір сүруі керуен жолы қауіпсіздігін арттырды. Ислам канондары мемлекеттік-құқықтық, саяси-әлеуметтік, адами дағды-дәстүрлермен үндесіп, мемлекет аумағында мамыражай тіршілік орнауының басты негізі болды. Берке хан тұсында басталған мешіт және

медресе салу дәстүрі Өзбек хан тұсында кең етек алды. Ислам мемлекеттік дін, ресми идеология ретінде орнығып, қала салу мәдениеті өркендеді. Ибн Батута Алтын Орданың астанасы туралы былай деп мәлімет береді: «Город Сарай (один) из красивейших городов, достигший чрезвычайной величины, на ровной земле, переполненный людьми, с красивыми базарами и широкими улицами... В нем 13 мечети для соборной службы, из них одна шафиитская. Кроме того, еще чрезвычайно много других мечетей» (Тизенгаузен, 1884, б. 204). Осы тұста Алтын орда территориясында діни-дидактикалық, діни-танымдық шығармалар, Құран аудармалары мен тәпсірлері дүниеге келе бастады. Бұл жазба жәдігерліктер тіл тарихы үшін аса маңызды ғылыми арналар. Бүгінгі түркі тілдерінің даму және қалыптасу тарихында Орта түркі дәуірі айрықша маңызды рөл атқарды. Осы дәуірдің бүгінгі түркі тілдерінің дамып, жетілуінде, сөздік қорларының қалыптасуында рөлі зор. XI-XV ғасырлар аралығындағы заманды қамтып жатқан бұл дәуірдегі тілдік жүйе ежелгі түркі жазба дәстүрінен кейін пайда болған, сол тамырдан қаулап өсіп, жаңа арнаға бет бұрған түркі қауымдастықтарының жаңа тілдік өрнегі ретінде ерекшеленеді.

Түркі тілдерінің тарихи лексикологиясының басты міндеттерінің бірі әрбір тілдің сөздік қорын диахрондық деңгейде кешенді зерттеу. Тіл тарихын зерттеу үшін В.Радлов заманынан келе жатқан тарихи-салыстырмалы әдіске сүйеніп, бір тілдің әр кезеңге қатысты, бірақ бір жүйеге жататын, қызметі мен семантикалық жағынан бір-біріне эквивалент болатын деректерін салыстыру арқылы орта ғасыр жазба ескерткішінің лексикалық сипатын ашуға, бүгінгі түркі тілдерінің алыс жақындығын сараптауға болады.

Сөз жоқ, бүгінгі қазақ тілінің негізгі сөздік қоры қазақ ұлтының тарихымен сабақтасып, астасып жатыр және жалпы түркілік кезеңдерден де хабар беретін тілдік бірліктерді бойынан сақтап келеді. Қазақ деп атау иеленген халық дара ұлттық деңгейге жеткенше күллі түркі халықтарымен ортақ тарихи үдерістерді бастап кешті. Сондықтан қазақ тілінің байырғы сөздік қорлары жалпы түркілік қабаттан бастау алады. Оның негізгі сөздік құрамы, фоно-морфо-семантикалық келбеті көне түркі тілімен астасып, орта ғасырлық түркі, қыпшақтық тілдік қабаттармен жалғасып жатыр.

Қазақ тілінің лексикасы қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен толық не жартылай ортақтығымен, ұқсастығымен ерекшеленеді. Сонымен

қатар қазақ тілінің қыпшақтық лексикасының сілемдерін қыпшақ тіліне тікелей қатысты орта ғасырлық жазба ескерткіштер тілінен де іздеген жөн.

Орта түркі дәуіріндегі жазба мұралар оғыз-қыпшақ және қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған. Сонымен қатар қарахандық жазба дәстүрлердің ізі де сақталып отырған. Бұған басты себеп сол замандардағы саяси-әлеуметтік жағдайлар болса керек, өйткені Еуразия кеңістігін жайлаған түркі тайпалары бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған. Біресе бір одақтық бірлестікте өмір сүрсе, енді бірде ажырасып, тіпті жауласып басқа бірлестіктерге кетіп отырған. Тайпалары арасындағы көші-қон қозғалыстар тілге де өз әсерін тигізіп отыратыны сөзсіз. Дегенмен белгілі бір әдеби дәстүр сақталған. Орта ғасыр жазба мұраларын тереңдеп зерттеген А.Зайончковский «XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык» – деп тұшымды пікір білдірді (Зайончковский, 1967). Сайып келгенде осы кезеңде біртұтас әдеби, жазба тіл қалыптасса да оның сөздік қорында әртүрлі тайпалардың тілдік белгілері көрініс тауып отырды.

Жазба ескерткіштердің тілін толық сараптау үшін, аралас тілдік деңгейі қандай дәрежеде екендігін зерделеу үшін қазіргі түркі тілдерінің ерекшеліктеріне жүгінуден басты шарт болып табылады. Әрбір түркі тілі өз тарихын зерттеуге өзі дерек көз бола алады.

Белгілі қазақ ғалымдарының пікірінше «Әрине, бүгінгі түрікмендер бір кездегі оғыздардың заңды жалғасы екендігі, немесе бүгінгі қазақтар тарихи тұрғыдан қыпшақтармен ұласатындығы, соның салдарынан бүгінгі түрікмен тілі бір заманғы оғыз тілінің, ал қазақ тілі бір уақыттағы қыпшақ тілінің негізгі заңдылықтарын бойларына сақтағандығы ешбір дау көтермейтін мәселе. Алайда мына нәрсені ескеру керек: замандар бойы бір-бірімен қанаттас, көршілес отырған, бір-бірімен араласып жатқан тайпалар қазіргі түркі халықтарының қайсысында да өз іздерін қалдырды. Соның салдарынан бір кездегі оғыз тайпасы тілінің элементтері қыпшақ тобындағы тілдерде ұшырасса, ескі қыпшақ тілінің элементтері қазіргі оғыз тобындағы тілдер құрамынан кездесіп қалуы да ықтимал» (Айдаров, 1971, б. 108).

Түркі тілдері тарихы үшін аса маңызды жазба ескерткіштердің бірі «Орта Азиялық тәпсір». Бұл қолжазбаны 1914 жылы Зәки Валиди Тоған Түркстанға жасаған ғылыми іссапарында бүгін-

гі Өзбекстанның Қаршы қаласынан тауып, кейін Санкт-Петербургтегі «Азия халықтарының мұражайына» тапсырған екен. Бүгінде Ресей Ғылымдар Академиясы Шығыс Қолжазбалары институтында СА97 нөмірмен тіркеліп тұр. 1920 жылдардан бері авторы белгісіз бұл қолжазбаға ғалымдар көңіл бөліп келеді. В.Бартольд бұл жәдігерліктің тілін «өте көне, аралас солтүстік-оңтүстік түркі тілі» деп таныса (Barthold, 1925, б. 125). А. Эрдоган «оғыз-түркі тілі» деп атайды (Erdogan, 1938, б. 47). Ал А.Инан «Орта Азиялық тәпсірдің» тіліне арнайы тоқталып, оның құрамында оғыз және қыпшақ сөздерінің көп екендігін ескеріп, қыпшақ, оғыз диалектілерінің ықпалы мол, сондықтан қолжазба Хорезмде жазылған, Замахшари мектебіне өте жақын деп тұжырымдайды (Inan, 1952).

Қолжазбаның көлемі 147 парақтан тұрады Кәһф сүресінің 4 аятынан басталды. 1963 жылы белгілі ғалым А.К.Боровков қолжазбаның сөздік қорын жүйелеп, сөздігін жазып шығарды (1963). А.К. Боровковтың бұл сөздігі түрік ғалымы Халил Ибрахим Уста тарапынан қайта толықтырылып, олқы тұстары жөнделіп, түрік тіліне аударылып 1989 жылы жарияланды (2002). Жас ғалым Д. Шанкишова тырнақалды мақаласында «Ортаазиялық тәпсір» жазба ескерткішінің тілін қазіргі қазақ тілімен фоно-морфо-семантикалық тұрғыдан салыстыра зерттеу жүргізсек, тіл тарихының көптеген мәселелеріне жауап беруге болады», – деп пікір білдірді (2013, б. 264).

Бүгінгі таңдағы қазақ түркітануының алдында тұрған басты міндеттердің бірі орта ғасырлық жазба ескерткіштерді қазақ тілімен салыстыра отырып, бүгінгі тіл деңгейінен тарих қойнауына көз жүгіртіп зерделеу. Сондықтан бұл еңбектің басты мақсаты «Орта Азиялық тәпсір» жазба ескерткішінің лексикасын қазіргі қыпшақ тобындағы тілдермен, қала берді қазақ тілімен салыстыра зерделеп, лексикалық сипатын анықтау болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Түркітану ғылымының негізін қалаушылардың бірі В.В. Радлов орта ғасырларда жазба материалдардың тұнып тұрғанын ескеріп «... жас түркітанушыларымыздың бірі орта түркі тілдік материалын жүйелі түрде зерттейді деген үміт білдіргім келеді. Түркі тілінің дамуының екінші кезені (XIII-XIV ғасырлар) тілдік материалдың молдығын көрсетеді, оны өңдеу айтарлықтай күш-жігерді қажет етеді. Орта түр-

кі тілін жүйелі түрде зерттегеннен кейін ғана қазіргі түркі тілдерінің диалектілік формацияларын тереңірек түсіне аламыз», – деген еді. Орта түркі тілінің сипатын зерттеу барысында негізгі материал ретінде А.К. Боровковтың Мәскеу қаласынан 1963 жылы шыққан «Лексика Среднеазиатского тѣфсира XII-XIII вв.» атты еңбегі және осы кітаптың Н.І. Usta және Е. Amanoğlu аударған түрікше нұсқасы (Borovkov, A. K. (2002). *Orta Asya'da Bulunmuş Kur'an Tefsirinin Söz Varlığı (XII-XIII. Yüzyıllar)*. Ankara: TDK Yayınları) пайдаланылды¹. Сонымен қатар Е.Н. Нәжіп, Е. Фазылов, А.М. Щербак, А. Құрышжанов, Б. Сағындықұлы, А. Керімов және А. Ибатов сияқты белгілі ғалымдардың жазба ескерткіштер туралы зерттеулері және осы кезеңдегі түркі тілдерінің тарихын саралаған ғылыми еңбектер негізге алынды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және диахронды-синхронды әдістер, сондай-ақ типологиялық салыстыру, түсіндіру және талдау тәсілдері қолданылды. Мұндай тәсілдер тілдік бірліктердің түп-төркінін, қолданылу кеңістігін, қолжазбаның тіліндегі сөздің бүгінгі түркі тілдеріндегі қалпын, лексика-семантикалық сипатын ашуға толық негіз болды.

Әдебиеттерге шолу

Ғылымда орта ғасырларда дүниеге келген жазба ескерткіштер біршама зерттеліп, салыстырмалы сөздіктері, фотокөшірмелері, транскрипцияланған мәтіні, глоссарийлері басылып шықты. Ғылымда жазба ескерткіштердің тілі туралы, олардың бүгінгі тірі тілдерге қатысы туралы әртүрлі пікірлер орын алған. Алтын Орда дәуірінде пайда болған жазба мұрағаттар сол кездегі жалпы түркі әдеби мұралардың бәріне тән қараханидтік жазба әдеби тілдің дәстүрлік әсерімен сол кездегі оғыз және қыпшақ әдеби тілдерінің негізі аралас келіп, аралас тілде жазылған. Осы себептен де XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда аймағында дүниеге келген мұраларды ғалымдардың дені аралас тілде жазылған ескерткіштер деп қарайды.

Зерттеу жүргізу барысында Э.Н. Наджиптің еңбектері, ғылыми тұжырымдары негізге алынды. Жалпы ғылымда қалыптасқан көзқарас бо-

йынша, Алтын Орда мен Мысыр жерінде пайда болған ескерткіштер екі түрлі аралас тілдің бірінде: не қыпшақ-оғыз аралас тілінде, не оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған. Осыдан келіп толық қалыптасқан екі аралас әдеби тіл болғаны аңғарылады: бірі – Алтын Орда жерінде болған түркі тілдерінің з тобының тілі де, екіншісі – мәмлүктер билеп тұрған кездегі Мысыр мен Алтын Ордаға ортақ й тобының тілі. Э.Н. Наджип бұлардың біріншісін алтынорда-хорезмдік тіл де, екіншісі алтынорда-мысырлық тіл деп те атайды (1965, б. 55). Поляк шығыстаншысы А. Зайончковскийдің пікірінше, XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті ортақ тіл болғаны анық. Ғылымда «орта азиялық әдеби тіл», «орта азиялық түркі тілі» терминдері бар.

Қазақ ғалымдары Ә. Құрышжанов пен Ә. Ибатов өз зерттеулерінде «орта түркілік әдеби тіл» терминін ұсынады. Орта түркі әдеби тілі күллі Орта Азия, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпіріне, солтүстік аймақтардағы түркі халықтарына, «Дешті-и-қыпшақтың» Европа бөлігіне, тіпті Мысыр мен Сирияға дейін таралды. Мәмлүк қыпшақтарының жазба ескерткіштері де осы ортақ әдеби тілді жазылды (Құрышжанов & Ибатов, 1981, б. 97).

«Ортаазиялық тәпсірді» арнайы зерттеген А.К. Боровков «Теориялық тұрғыдан алғанда, егер Табаридің тәфсирінің алғашқы аудармасынан түркі тіліне аударма жасау мүмкіндігін ескерсек, X ғасырдың соңын біздің тәпсіріміздің түпнұсқа күні деп санауға болады. В.В. Бартольд атап өткендей, Орта Азия тәпсірінде моңғол дәуірі мен кейінгі Тимуридтер дәуірінен (мирзада) алынған терминдердің болуы, сондай-ақ орфография мен морфологиядағы жаңалықтар біздің көшірмеіміздің XV ғасырда қайта жазылғанын көрсетеді, дегенмен, барлық қолжетімді деректерге сәйкес, түпнұсқа аударма мен түсіндірме XII-XIII ғасырларға жатады деп санаған дұрысырақ», – деп атап көрсетті (1963, б. 12). Сондықтан да Алтын Орда дәуірінің мұралары шығармаларының тіліне, лексикалық құрамына, әрбір сөздің даму тарихына көз салсақ, олардың іздері кейде оғыз тобындағы тілдерге, кейде қыпшақ тобындағы тілдерге үйлесіп, сабақтасып жатады, енді бірде кейде қарлұқ-ұйғыр тілдерінің де сілемдері байқалады. XIV ғасыр жазба ескерткіштерінің лексикасын салыстыра зерттеген Б.Сағындықұлы мындай тілдік бірліктерді үш топқа бөліп қарастырады: 1) оғыз

¹ Мақалада «Ортаазиялық тәпсір» мәтінінен алынған тілдік мысалдар А.К. Боровковтың «Лексика среднеазиатского тѣфсира XII-XIII вв.» атты еңбегі бойынша берілді; жақша ішінде көрсетілген бірінші сан қолжазба парағын, екінші сан жол нөмірін білдіреді.

тобындағы тілдерге тән сөздер; 2) қарлұқ-үйғыр тобындағы тілдерге тән сөздер; 3) қыпшақ тобындағы тілдерге тән сөздер. Ортағасырлық жазба ескерткіштер тілін зерттеп, сөздігін құрастыруда ерен еңбек етіп жүрген С. Боранбай, Б. Сүйеркүл, А. Сейтбекова, Г. Мамырбек еңбектері зерттеудің басты ғылыми-теориялық негіздері болды. Орта ғасырларда біздің зерттеу нысанамыз болып отырған тәпсірден басқа да тәпсір мәтіндері жетерлік. Әлемдік зерттеулерге зер салсақ тәпсір мәтіндерін әлеуметтік-тарихи контекстін зерттеп, оны қазіргі заманға бейімдеуге бағытталған зерттеулер Индонезиядағы Құран және тәпсір саласындағы академиялық зерттеулерде трендке айналып отыр (Tajuddin, 2025, б. 152-171).

Ортағасырлық тафсир еңбектерін типологиялау үдерісі кей жағдайда тым теологиялық сипат алып, сыни талдаусыз қабылданатын дәстүрі де бар. Бұл типологиялау негізінен екі бағытты алға шығарады: *бил-ма'сур* (риуаятқа негізделген) және *бил-ра'йи* (рационалдық пікірге негізделген). Аталған екі типология ортағасырлық тафсир кітаптарын зерттеуде өзіндік «үлгіге» (template) айналып кеткені байқалады (Qadafy, 2022, б. 217-237). Дегенмен Walid Saleh әзірлеген «тафсир генеалогиялық дәстүр ретінде» тұжырымдамасының ғылыми маңызы зор. Бұл тәсіл тафсир еңбектері арасындағы тарихи, интеллектуалдық және нарративтік байланыстарды ұрпақтар сабақтастығы аясында оқудың маңыздылығын атап көрсетеді. Мұндай көзқарас исламдық тафсир дәстүріндегі жалғастық пен жаңашылдықты тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Saleh, 2004, б. 16).

Нәтижелер мен талқылау

Тілдің лексикалық қабаттары талай сырды ішіне бүгіп жатқан сырлы әлем, оның ішінде жазба жәдігерліктердің лексикасы өткен дәуірден мол мағлұмат береді. Белгілі ғалым К.М. Мусаев «Тіл халықтың, сол тілде сөйлеушілердің тарихи қоймасының көрсеткіші деп айтқанымызда, ең бірінші лексиканы еске аламыз, өйткені ол халық өміріндегі барлық өзгерістерге ықпал етеді» деп тұжырымдайды (Мусаев, 1984, б. 23).

Сөз жоқ, бүгінгі қазақ тілінің негізгі сөздік қоры қазақ ұлтының тарихымен сабақтасып, астасып жатыр және жалпы түркілік кезеңдерден де хабар беретін тілдік бірліктерді бойынан сақтап келеді. «Ортаазиялық тәпсірдің» лексикасын

зерделеп, қарастырсақ, бірінші кезекте көзге түсетін құбылыс қазақ тілі тұрғысынан қарағанда тұлғасы да, мағынасы да ортақ сөздердің көптеп кездесуі. Сонымен қатар олар әртүрлі сөз таптарынан да бола береді екен. Пікіріміз дәйекті болу үшін ортақ сөздердің тізімін ұсынамыз.

Зат есім сөздердің қатары:

Ау – ай. *Kökdäki ay kün yulduzlar* (Боровков, 1963, б. 10, ж. 11) – Көктегі ай, күн жұлдыздар.

Аға – ағаш. *Qamug türlüğ yämiş anda bitär* (Боровков, 1963, б. 59, ж. 11) – Әртүрлі ағаштар өседі онда.

Ағиз – ауыз. *Ol ajdarha ağızını açtı* (Боровков, 1963, б. 30, ж. 27) – Сол айдаһар аузын ашты.

Altun – алтын. *Biz sängä üküş mal beräliq altun kümüş...tedilär* (1396,13) – біз саған көп байлық, алтын, күміс береміз деді.

Amanat – аманат. *Bu tayak kişiniq amanat turur bolğay kim idisi kalgay qolğay* (Боровков, 1963, б. 28, ж. 23). Бұл таяқ (посох) бір кісінің аманаты еді, бір күні иесі келіп, сұрайды.

Ana – ана, шеше. *Musa anası unamadı* (Боровков, 1963, б. 29, ж. 36) Мұсаның анасы келіспеді.

Ant – ант, *Ant içti* (Боровков, 1963, б. 143, ж. 7) «ант ішті».

Arab – араб. *Arablar adat bolur ärdi* (Боровков, 1963, б. 110, ж. 19) – «арабтарда дәстүр болды»

E1 – ел, халық, қала. *Jynäni elindä bir el erdi afcuc athiq* (Боровков, 1963, б. 9, ж. 1) «Гректер елінде Афусус атты бір қала болды»

Baqça – бау, бақша. *Anıq baqçası bolur ...ol bağdın çandan ne`mät bolur ärdi* (Боровков, 1963, б. 100, ж. 14). «Оның бақшасы бар еді, ол одан көп пайда табар еді»

Bal – бал. *Baldın tatlığraq* (Боровков, 1963, б. 68, ж. 14) «Балдан тәттірек».

Balçid – балшық. *Balçiq birlä quş ätärmän* (Боровков, 1963, б. 18, ж. 16) «балшықтан құс жасармын»

Bay – бай, *бай адам*. *Baynı yoqsul qıur yoqsulnı bay qıur* (Боровков, 1963, б. 65, ж. 8) «байды кедей, кедейді бай етер»

Balıq – балық. *Ant yad qıur balıq bilä kim yäti qat yernüq altında turur* (Боровков, 1963, б. 99, ж. 6) «*жемі қат жер астындағы балық болып ант береді*»

Balta – балта. *buhanlarıq başların kästi... baltäni kötürüb buhanlarıq uluğınıq ägni üzä qoydı* (Боровков, 1963, б. 38, ж. 27) «*нұттардың бастарын кесті... балтаны ең үлкен нұттың иығына қойды*»

Bazar – базар. *Män bazarga bardım yana kälđim oloq ayätni oqıb yığlar ärdi* (Боровков, 1963, б. 57,

ж. 4) «Мен базарға барып келдім, ал ол сол аятты әлі оқып, жылап отыр»

Bel – бел. *Anıñ bälindin ya tizindin su kaçmadi* (Боровков, 1963, б. 62, ж. 2) «Оның белінен және тізесінен су көтерілмеді».

Birlik – бірлік. *Birlik* (Боровков, 1963, б. 146, ж. 27) «Бірлік».

Boy – бой. *Boui tüz yüzi körklüg* (Боровков, 1963, б. 138, ж. 1) «Бойы сұңғақ, жүзі көрікті».

Böri – қасқыр. *Bizgä yağı böri bolsa biz qoylarnı anda kizlärmiz* (Боровков, 1963, б. 9, ж. 8) «Егер бізге бөрі қауіп төндірсе, қойларымызды сонда жасырамыз».

Elçi – елші. Елші, пайғамбар. *Män anga (aḡa) lütfim elçi ibärdim* (Боровков, 1963, б. 124, ж. 4) «Мен оған құрметпен елші жібердім».

En – ен. *Uzunluḡı qırq yuḡaç eni häm mundaḡok şähristan bina qılılar* (Боровков, 1963, б. 132, ж. 13) «Ұзындығы қырық құлаш және ені де сондай қамал қала тұрғызды».

Är – еркек, ер адам, жауынгер, батыр. *Yüz ispahilar atlandurdi tägmä biringä miḡ är bärdi* (Боровков, 1963, б. 266, ж. 7) «Жүз әскербасы дайындап, әрбіріне мыңнан жауынгер берді»; *är ärdi yüräklük `ayyar alp ärdi* (Боровков, 1963, б. 26, ж. 7) «ол жүректі, қорқуды білмейтін батыр еді».

Ärkäk – еркек. *Ärkäk taḡı tişi* (Боровков, 1963, б. 54, ж. 7) «ер адам және қатын»; «еркек және ұрғашы».

Ärtä – ерте, таңертең. *Män bu күндä kedin ärtä keçä käläyin tedi* (Боровков, 1963, б. 129, ж. 6) «мен бұл күннен кейін ерте кеш саған келіп тұрамын».

Ät – ет. *Biz bukün heç ät yemädük tedilär* (Боровков, 1963, б. 47, ж. 13) «біз бүгін еш ет жемедік деді».

İngän// ingäk – інген. *biz idduḡ salih payḡambar ingänni anlarqa fitnä üçün* (Боровков, 1963, б. 63, ж. 1) «Біз Салих пайғамбардың түйесін оларға сынамақ үшін жібердік».

iriḡ – ірің. *Yoḡ ta`am tamuḡda m q gär iriḡ täḡ sular* (Боровков, 1963, б. 104, ж. 19) «Жаһаннамда ірің сияқты судан басқа ас жоқ».

İt – ит. *Ol qoçınıḡ iti bar ärdi* (Боровков, 1963, б. 9, ж. 13) «Ол қойшының бір иті бар еді».

Qabıq – қабық. *Anıḡ boynında hurma qabıki yipi tüşdi* (Боровков, 1963, б. 146, ж. 9) «оның мойнына құрма қабығынан жасалған жіп түсті».

Qalqan – қалқан. *Tutdılar antlarnı qalqan tänlärinä* (Боровков, 1963, б. 78, ж. 1) «Анттарын тәндеріне қалқан етіп ұстады».

Qan – қан. *Tälim kişi öldi tälim qan töküldi* (Боровков, 1963, б. 10, ж. 8) «Көп кісі өлді, көп қан

төгілді». *qanat – қанат. Körmädilar mu quşlarını anlar üstündä säf tutub ya`ni säf urarlar taḡı qabz qıllarlar taḡı yeyärlär bu örtüḡli turur ya`ni gah qanatını yuḡa tutar ḡah yaya tutar taḡı rawa bolur kim itülür hawada säf urub tursa bolur qanat urmadın* (Боровков, 1963, б. 98, ж. 5) «олар үстінде сап түзеп тұрған құстарды көрмеді ме, сонымен қатар қатарға тұрады, ұстайды, жейді, яғни олар қанаттарын біресе жиды, біресе жаяды, ауада қалықтап тұрады, егер қатарға жиналса қанаттарын қақпайды...» (67-сүре, 19-аят).

Qar – қар. *ta`am bolur qardın aqraq baldın tatiḡraq* (Боровков, 1963, б. 68, ж. 14) «Қардан ағырақ, балдан тәттірек тамақ бар»

Екі дәуір тіліне ортақ зат есімдер өте мол, ескерткіштер тілінде туынды, негізгі, деректі, дерексіз т.б. зат есімдер кең орын алған.

Сын есім сөздердің қатары:

Aq – ақ. *Qızıl taḡı aq yaḡutdın* (Боровков, 1963, б. 68, ж. 14) «Тағам болар қардан ағырақ».

Aqsaq – ақсақ. *Yoḡ közsüz üzä ämgäk taḡı yoḡ aqsaq üzä ämgäk* (Боровков, 1963, б. 42, ж. 4) «соқырлар мен ақсақтарда кінә жоқ (48-сүре, 17-аят).

Artuq – артық, жоғары, көп. *anıḡ fäzli artuḡ* (Боровков, 1963, б. 20, ж. 9) «оның беделі артық».

Qalıḡ – қалың. *`arablar qalıḡ töşäkkä naḡşı üküş bolsa `abkari terlär* (Боровков, 1963, б. 67, ж. 9) «арабтар қалың кілемнің нақышы көп болса «абкары» деп атайды».

Qara – қара. *Andaḡ qoyu yaşıl bolḡay qara räḡli täḡ körinür* (Боровков, 1963, б. 67, ж. 15) «осылай қою жасыл болады, бірақ қара түсті болып көрінеді» (55-сүре, 64-аят).

Bütün – бүтін. *qozı süklünçisini bütün qaḡışı üzä urdi* (Боровков, 1963, б. 28, ж. 20) «қуырылған қой етін табаққа бүтін қойды»

Tar – тар, қысылған, ұялған. *mänim tar köḡlümnü keḡütü bärḡil* (Боровков, 1963, б. 21, ж. 28) «менің қысылған көңілімді (жүрегімді) орнықтыр».

Бұдан басқа да негізгі немесе туынды сын есімдер көптеп кездеседі.

Сан есім сөздер ескерткіштер тілінде көп қолданылады. Дені ішінара дыбыстық өзгерістерге бой ұрған, ал тұлғасы да, мағынасы да қазақ тіліне дәл келетін төрт сан есім ғана бар. Олар:

Bir – бір. *A bir bolur* (Боровков, 1963, б. 16, ж. 6) «а әрпі (алиф) бір (сан есім) болар».

Tört – төрт. *Törtä bir* (Боровков, 1963, б. 73, ж. 9) «төртте бір». Реттік сан есім де кездеседі: *törtinçi* (Боровков, 1963, б. 55, ж. 4) «төртінші».

Altı – алты. *Altı yüz äli iki huruf turur* (Боровков, 1963, б. 118, ж. 14) «алты жүз елу екі әріптен тұрады».

Он – он. *ramzan ayi ortasında turur on bāşinç tün* (Боровков, 1963, б. 139, ж. 12) «рамазан айының ортасында, он бесінші түн».

Тоқсан – тоқсан. *Hurufıları üç yüz toqsan turur* (Боровков, 1963, б. 139, д. 31) «үш жүз тоқсан әріптері бар (Сүреде)».

Етістік сөздер қатары:

Al – алу-, алмақ-. *Oq ya alsunlar* (Боровков, 1963, б. 129, ж. 4) «оқ жай алындар».

Aq – ағу-, ақ-. *Bu iki darya anda birlä aqar ärdi* (Боровков, 1963, б. 10, ж. 24) «Бұл екі дария ол тұста бірге ағады».

Alda – алда-, алдау-. *Bu oqlan mäni aldab hilä qıldı* (Боровков, 1963, б. 129, ж. 8) «Бұл жігіт мені алдап, айла қылды».

At – ат-, ату-, лақтыру-. *Oq ya alsunlar taqı mäni atsunlar* (Боровков, 1963, б. 129, ж. 4) «Жай мен жебе алындар, мені атындар».

Ayt – айт-, сөйле-. *Uraqutına aytdı neşä bagladıq* (Боровков, 1963, б. 139, ж. 15) «әйеліне айтты неге байладың».

Art – арт-, арту-, көбею-, үлкею-. *Kün künkä artar kündin küngä qawiraq bolır* (Боровков, 1963, б. 123, ж. 12) «Күннен күнге артады, күн күнге күшейеді».

As – ас-, асу-. *Dar toqıb asayın* (Боровков, 1963, б. 30, ж. 31) «Дар (ағашы) құрып (сізді) асайын».

Bar – бару-, жүру-, қозғалу-. *Ol qoyçı anlar birlä bardı* (Боровков, 1963, б. 9, ж. 18) «Сол қойшы олармен бірге кетті».

Bas – басу-, таптау-, езу-. *Ant içti kim kirü qaytмайın...anıq şähärläriñiñ topraqın basмайınça tedi* (Боровков, 1963, б. 143, ж. 7) «Ол ант ішті, кері қайтпаймын (шегінбеймін) оның қалаларының күлін таптамай тұрып деді».

Bat – бату-. *Kün toğardın күн batарға tägi* (Боровков, 1963, б. 146, ж. 18) «Күн туардан күн батырға дейін».

Bil – біл-. *Cäbra'il bildi kim märyäm qorqıtıñını... aydı...* (Боровков, 1963, б. 17, ж. 35) «Мариямның қорыққанын, сосын айтқанын Жебірейіл білді».

Buz – бұз-, сындыр-, жой-. *İman nişanin bulur ärsäñ zäkät alğul iman nişanin bulmaz ärsäñ buzğil* (Боровков, 1963, б. 45, ж. 14) «Егер олардың имандарына куә тапсаң зекет ал, егер таппасаң жоқ ет».

Em – ем-. *Netäg sözläşälim beşik içindä süt emär kinc birlä* (Боровков, 1963, б. 18, ж. 33) «Бе-

сікте сүт еміп жатқан сәбімен қалай сөйлесе-міз».

Qal – қал-. *Heç qayusı ärsä aş äksümädi andağok tügäl aş qaldı* (Боровков, 1963, б. 28, ж. 20) «Ешбір тамақ азаймады, қанша тамақ болса, сонша тамақ қалды».

Ескерткіштер тілінде қазақ тілімен толық лексикалық параллель бола алатын етістіктер өте көп. Олар негізгі және туынды, көмекші, салт, сабақты, болымды, болымсыз тұлғаларында ұшырасады.

Үстеу сөздердің қатары:

Az – аз. *Azğa şükır qılmasa üküşkä taqı qılmağay* (Боровков, 1963, б. 137, ж. 21) «Азға шүкір етпесе, көпке де шүкір етпес».

Kop – көп. *Taqı qıldum aña көp mal* (Боровков, 1963, б. 116, ж. 1) «Және оған көп дүние мүлік бердім».

Burun – бұрын. *Biz burun ewlärimizgä barğaymız* (Боровков, 1963, б. 93, ж. 5) «Біз бұрын үйлерімізге барамыз».

İlki – ілкі, бірінші, алғашқы (Боровков, 1963, б. 37, ж. 10)

Бұл мәліметтерден байқағандай ескерткіштер тілінде мөлшер, сын-бейне үстеулері орын алған.

Есімдіктер қатары:

Bir – біреу. *Kälmäzdä öñ siziñ biriñizgä ölüm* (Боровков, 1963, б. 16, ж. 6) «Әзірге біреуіңізге өлім келмеді».

Anda – анда, сол жерде. *Ol taşğa tagdimiz anda yatdımız ol balıq anda tirildi* (Боровков, 1963, б. 10, ж. 32). «Біз сол жартасқа келдік, сол жерге жаттық, балық сонда тірілді».

Ara – ара, арасында. *Biziñ ara sänli ara* (Боровков, 1963, б. 21, ж. 3) «Біздің арамызда және сенің».

Biz – біз. *Biz ğarıblarmız bizni kämigä kiwürüñlar...* (Боровков, 1963, б. 11, ж. 12) «Біз ғарип жандармыз (жолаушымыз) кемеге мінгізіңіз».

Bular – бұлар, олар. *Bular anıq birlä toquşdılar tün күn bularnu qonuqlar ärdi* (Боровков, 1963, б. 49, ж. 7) «Бұлар олармен күн-түн соғысты, ал мыналарға бас сауғалайтын жер (тығылатын жер) тауып берді».

Kim – кім. *sardilar bu ayat kimniñ şanına indi* (Боровков, 1963, б. 45, ж. 7) «Бұл аят кімнің құрметі үшін жіберілді деп сұрады».

Ol – ол. *ol balık tirildi... ol daryaka kirdi* (Боровков, 1963, б. 10, ж. 26) «Ол балық тірілді... ол дарияға кірді».

Män – мен. *Män män sänıñ idim* (Боровков, 1963, б. 8, ж. 7) «Мен сенің иенмін».

Sän – сен. *Ya sän kim oynağuçılardıñ tu sän* (Боровков, 1963, б. 34, ж. 7) «Не сен әзілқойлардың тобынансың ба».

Бұл деректерден байқағандай жәдігерліктер тілінде сілтеу, жіктеу, сұрау есімдіктері қолданылған.

Көмекші есімдер қатары:

Ара – ара. *Küçäyliklär bar anlar ara qatıg* (Боровков, 1963, б. 82, ж. 19) «Олардың арасында қатты келіспеушілік бар».

Орта – орта. *Ol yer ortasi turur* (Боровков, 1963, б. 52, ж. 3) «Бұл жер ортасы».

Сонымен жазба жәдігерліктер мен қазақ тіліне ортақ сөздер адам өмірінде жиі қолданылған ежелгі сөздер. Олар есте жоқ ерте замандардан, семантикалық өзгеріске түспей бүгінге жеткен тарихтың куәгері, байырғы және мәңгі жас лексикалық бірліктер. Мұндай ортақ сөздер қазақ халқының, оның тілінің пайда болуына негіз болған этногенетикалық, глоттогенетикалық құбылыстарының тамыры.

Жазба ескерткіште кейбір сөздер бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда өлі түбір қалпында кездеседі. Мәселен, «Тәпсірде» **qar** – сөзі «араластыру» мағынасында айтылған: *Başın yoludı saçın toprağı birlä qarib ıydı* (Боровков, 1963, б. 143, ж. 8) «басын жүлды, шаштарын қаланың шаңымен араластырды және беріп жіберді». Бұл түбір қазақ тілінде *майға қарыды* (қар+ыды), *қарым-қатынас* (қар+ым) тіркестерінің бойында өлі түбір күйінде кездеседі. Сонымен қатар *қатынас* сөзінің түбірі *qat-* та «араласу, байланысу» мағынасында тұр. Аталмыш түбірлер бүгінде жеке дара қолданылмағанымен, ерте замандарда дербес сөздер болған. **qar** – сөзі «Диуанда» қолданылған: *Bir neñ birge qarıldı* «бір зат бір затпен араласты». Осы сөздікте *qat-* сөзі де «араластыру» мағынасында айтылған: *Ol talqanğa jag qaturdı* «ол талқанға май араластырды» (ДТС, 1969, б. 424). *Qar-* мен *qat-* сөздері Қараханид дәуіріндегі үлкен мұра Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу біліг» шығармасында да кездеседі. *Hägu qarıştıq bu işkä* «неге араластың бұл іске»; *oıynқа қатылма* (ДТС, 1969, б. 425) «ойынға араласпа». Біздің зерттеп отырған мұраларда да *qar-* мен бірге *qat-* түлғасы да ұшырасады: *Arapınğa buğdai qatar ol* «арпасынға бидай араластырар ол» (Ибатов, 1974, б. 132). Қазіргі қазақ тілінде *qar-* мен *qat-* түбірлерінің қолданылу аясы біршама тарылған. *Qar-* түбірі жеке қолданылмайды. *Qat-* сөзі *qar-* түбіріне қарағанда жиі пайдаланылады. Оның негізгі мағынасы «сұйық тағамға сүт, айран, май» сияқты нәрсені қосып

араластыру. Мысалы, Сүт қатқан күрең шайды шайқап қойып ішіп отыр. Құрт езіп қатқан сорпадай бозарды дала... (Ахметов, 1973)

Орта Азия тефсирінде *ırğa* сөзі «сілкілеу, ырға, қағу» мағыналарында қолданылады: *hurmanı ırğağil... hurma tüşgäy* (Боровков, 1963, б. 18, ж.10) «құрма ағашын сілкіле, құрмалар түссін деп». Осы *ырға* сөзі «Мұхаббат-намедіе» «тамашалау, тойлау» мағынасында кездеседі: *uzun kun toılap ırgadılar* «күні бойы тойлап тамашалады олар» (Фазылов, 1966, б. 339). Осы сөзден *ırgal* (ойын-сауық, тамаша), *ırgamaq* (ырғап-жырғамақ) сияқты сөздер туындаған. Осы түлға қазақ тілінде *ыргалып-жырғалып* (ырға+лып) қос сөзінің құрамынан өлі түбір күйінде жүр. Қос сөздің бірінші сыңары «ырғал» етістігінің тамыры тереңде жатқандығын ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің сөздігі растайды: *ol ıgğaş ırgadı* «ол ағашты қозғады» (ДТС, 1969, б. 450). Яғни, мұнда «қозғалу, тербелу» мағыналарын беріп тұр. Екінші сыңары «жырғал» сөзі қырғыз тілінде – *жырғал*, қазақ тілінде – *жырға*, хақас тілінде – *чырғал*, алтайларда – *йырге*, моңғолдарда – *жарғал*, қалмақтарда – *джирфх* түлғасында айтылып, «рақаттану, көңілдену, жаны ләззат табу» мағыналарын білдіреді. Бұл сөз түркі-моңғолға ортақ.

Biti сөзіне көңіл аударайық. *Qalam üzä atlann bitidilar* (Боровков, 1963, б. 17, ж. 20) «қаламмен өз есімдерін жазды». Ескерткіште осы түбір негізден туындаған *bitiglig* (жазылған, жазумен, жазуы бар), *bitig* (кітап, жазу, хат), *bitigçi* (жазушы, хатшы), *bitil* (жазылған) сөздері де бар. Қазақ тілінде *bimim* (біті+м) сөзінің құрамында өлі түбір боп тұрған *bimi* сөзінің негізгі мағынасы «жазу». Осы түлға, ежелгі заманғы Орхон-Енисей жазбалары мен Қарахан дәуіріндегі және Алтын Орда, Мамлюк дәуіріндегі ескерткіштерде жиі қолданылған. Егер тарихты парақтай қарасақ бұл сөздің тамыры қытай тіліне барып тіреледі. Ежелгі түркі сөздігінде *bitim* сөзі қытай тілінен енген деп белгіленіп «хат жазатын қыл қалам» мағынасында түсіндірілген (ДТС, 1969, б. 103). Яғни жазу өнері Қытай елінен тарағаны мәлім. Сондықтан бұл сөзді ежелгі түркі халықтары да иемденіп, өзіндік жұрнақтарын қосып бірнеше мағынада жаңа сөздер тудырып отырған. Мысалы, *bitik* сөзі «кітап, жазу, құжат, жазу процесі, почерк» мағыналарын береді. Ал *bitikçi* «жазушы», бітіглік мағынасында кездеседі (ДТС, 1969, б. 103). *Biti* сөзі орта ғасырлық жазба ескерткіштердің көбінде кездесетін белсенді қолданыстағы сөз. Бұл көне сөз қазіргі кейбір түркі

тілдерінде, атап айтсақ, ұйғ.тілінде – *nıtu*, алт. тілінде – *бичи*, тув.тілінде – *бижи*, сал.тілінде – *nıııtıg*, *nıııtı* тұлғаларында ұшырасады. Бәрінің де негізгі мағынасы – «жазу». «Көшіру, сызу, сурет салу, анықтау» сияқты ауыспалы мағыналары да бар. Осы *biti* түбіріне монғол тіліндегі «жазу, сызу» мағынасындағы *бичих* сөзі де туыс бола алады. Қырғыз, қазақ тілдеріндегі *м*-ға біткен қимыл атауы *бүтүм / бітім* сөзі осы түбірден жасалған болу керек. Сонымен қатар қазақ тілінің оңтүстік диалектісінде «хат» мәніндегі *бімне* (біт+пе) сөзі ұшырасады (Досқараев, 1946). Бұл жерде *бімі* етістігіне есім тудыратын *-не* жұрнағы жалғанып, түбірдің соңғы *-i* дыбысы түсіп қалып *бімне* тұлғасы қалыптасқан.

Қолжазбада «тазалау, тазалану, зекет беру» мағынасындағы *arı-* етістігі қолданылады: *aridi ärsä başın yuwmak tilädi* (Боровков, 1963, б. 17, ж. 23) «тазalandы, басын жумақ болды». «Тәпсірде» осы түбірден *arığ* (таза, қасиетті), *arığlıq* (тазалық, тазалану садақасы), *arığsız* (кірлі, жиеркенішті, лас) *arığsızlıq* (бұзылған, таза емес, көргенсіз) деген сөздер туындайды.

Arılmak сөзі қазіргі түрік тілінде екі түрлі мағынада беріледі: 1. Тазару, таза болу; 2. Аурудан сауығу, жазылу. Татар тілінде *ару* – «таза», *арулық* – «тазалық», *аруламақ* – «тазарту». *Ару* сөзі қазіргі қазақ тілінде көбінесе сұлу, жас қызға қатысты қолданылады. Ал көне дәуірлерде *arı* сөзінің «пәк, таза, кіршіксіз» мағыналары басқа нәрселерге де қатысты қолданылған: *bu er ölmäkinçä arımas kiri* «әзірге бұл еркек өлмесе оның кінәсі тазармайды» (ДТС, 1969, б. 51). Көне түркі ескерткіштерінде *arığ ton* (таза киім), *arığ azıq* (адал тамақ), *qılqı arıq* (мінез-құлқы игі), *aru kümiş* (таза күміс) деген тіркестер де ұшырасады. Сонымен қатар *arığ qızlar* тіркесі осы күнгі қазақ тіліндегідей «күнәсіз, пәк қыздар» деген ұғым береді. «Орта Азиялық тәпсірмен» дәуірлес Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында *arı* сөзі «таза» мағынасында қолданылған: Оғұл берді аңа гавһардің ары «үл берді оған гауһардан таза» (Ибатов, 1974, б. 23). Мұндай мағынада қазақ тілінде «арулады» сөзі бар. Тілімізде сирек айтылатын бұл сөз кейбір тілдерде (алт., сары ұйғ., хақ., тат. т.б.) *арула / арыгла* тұлғаларында кездеседі де «тазалау, жуу, жуыну» мағынасында қолданылады. В. Радловта: «арула» – тазалау (1910). *Арулау* сөзінің түбірі *ару* – біздіңше өлі түбір. Бұл сөз, тегі тек түркі емес, түркі-монғол тілдерінде ортақ ежелгі сөз болу керек. Өйткені монғол тілінде де *арыг* сөзі «таза» мәнін береді: *ариг сус* (таза су). Сонымен

бірге *ару* сөзінің «таза, игі» ұғымы қазақ тілінде және бір жерде сақталған сияқты. Ол – арма, армысыз! деп амандасқанда айтылатын сөзде. Мұның өзі де көне. Қазіргі кезде бұлай амандасулар белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылады (Сыздықова, 1994, б. 45).

«Тәпсірде» кездесетін ерекше сөздің бірі «мал-мүлік, байлық, жеке меншік зат» мағынасын беретін *enç* сөзі. Мәселен, *Uzanu baqmağıñ iki köziñni ençiq bärdimiz anı näñ taba kim äriñ qoş qoş cuft anlardın* (Боровков, 1963, б. 26, ж. 3) «біз олардың кейбір отбасыларына берген мүлікке (еншіге) сен екі көзіңмен қарама» (20-сүре, 131-аят). Сонымен қатар «мал-мүлік, жеке меншік зат, біреуге тиесілі мүлік» мағынасында *ençlik* сөзі де бар: *Kim ençlik bärdimiz mu anlarqa bularqa atalarınğa* (Боровков, 1963, б. 34, ж. 6) «біз оларға және олардың әкелеріне мал-мүлік бердік» (21-сүре, 45-аят). Бұл қазақ тіліндегі *енши* сөзінің түп-төркіні осы тұлғамен сабақтас. Бірақ араб тілінен енген сөз деп жорамалдау тым үстірт болуы мүмкін. Себебі тіл-тілден бір-біріне енетін кірме сөздер бір жақты бола бермейді. Қазіргі қазақ тіліндегі араб тілінен енген деген сөздердің көпшілігі керісінше араб тіліне ерте замандарда түркі тілдерінен енген болуы әбден мүмкін. *Енши* қазақ халқы ұғымында қарашаңырақтан бөлініп шыққан жас отауға беріледі.

Ет – етістігі орта ғасыр жазба ескерткіштерінде «елт, елту, ерту, ертіп жібер» мағынасында қолданылады. Мысалы, тәпсірде: *Män İbrahimni buthanağa eltsä män* (Боровков, 1963, б. 38, ж. 15) «Мен Ибрахимді пұтханаға ертіп барайын». Ал Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында «ертіп жібер» мағынасында ұшырасады: *Шірінні елттіләр ізаз бірла* «Шірінді әзізбен ертіп жіберді» (Ибатов, 1974, б. 45). Бұл қазақ тілінде «біреудің сөзіне еру, әнді ұйып тыңдау» мағынасындағы *елті* (елт+і) сөзінің құрамында түбір-негіз түрінде ұшырасады. Көне түркі тілінде де «алып жүру, ерту, алып кету» мағынасында *elt* түбірі кездеседі: 1. *on ai eltdi düm ögüm oğlan toydum* (ДТС, 1969, б. 171) «анам мені он ай көтеріп жүрді, мен ұл болып тудым»; 2. *bu süg eld* «мына әскерді баста». Э.В. Севортян бұл етістіктің бастапқы негізі (исходной основы) жөнінде дәлел келтіреді: *ел-* (от) «алып жүру, ертіп бару» – ескі өзбек тілінде, *әл-* «жақындату, жеткізу» – түрік тілінде және т.б. (ЭСТЯ, 1978, б. 268). Егер осы этимологиялық пікірді мақұлдасақ *елт* (ел+т) түбірінің құрамындағы *-т* дыбысы өзгелік етістің жұрнағы, яғни бұл етістік *айт-*, *қайт-* етістіктері сияқты үдерістерді бастан кешірген.

Осы деректегі *ел-* түпкі түбіріне сүйеніп, қазақ тіліндегі *елті-*, *елір-*, *ерт-*, *елік-* етістіктерін бір жетекші қатарға қоюға болады.

Қорытынды

Зерттеу жұмысының барысында ХХ ғасырда «Ортаазиялық тәпсір» қолжазбасының зерттелуінде әлі де ақтаңдақтар бар екені байқалды. Әсіресе қолжазбаның тілі туралы ғалымдар әлі күнге бір пікірге келген жоқ. Оның басты себебі әр ғалымның бүгінгі түркі тілдерін қаншалықты білу дәрежесіне және тарихи тілдік үдерістерді бағалауына байланысты болса керек. Сондықтан В. Бартольд бұл жәдігерліктің тілін «өте көне, аралас солтүстік-оңтүстік түркі тілі» деп таныса А.Эрдоган «оғыз-түркі тілі» деп атайды. Ал А. Инан жазба ескерткіштің тіліне арнайы тоқталып, оның құрамында оғыз және қыпшақ сөздерінің көп екендігін ескеріп, қыпшақ, оғыз диалектілерінің ықпалы мол, сондықтан қолжазба Хорезмде жазылған, Замахшари мектебіне өте жақын деп тұжырымдаған болатын.

Ал осы аталмыш жазба ескерткіштің сөздігін құрастырған А.К. Боровков «Орта Азиялық тәпсір» тілдік тұрғыдан ХІ-ХІV ғасырлардағы ескерткіштермен сабақтас екені даусыз, олар негізінен әдеби *d//δ* тілін білдіреді. Дегенмен біздің қарастырып отырған жәдігерлігімізде бір жағынан *d//δ > j* ауысуы және екінші жағынан оғыз-түрікмен немесе оғыз-түрік әсері байқалады. Бұл ерекшеліктер «Ортаазиялық тәпсірді» ХV-ХVІ ғасырлардағы ескі өзбек әдебиетінің ескерткіштеріне жақындатады. Осы негізде, біздің тәпсірімізді сөздің кең мағынасындағы өзбек тілінің тарихы үшін материал ретінде пайдалануға болады», – деп өз пікірін ұсынады. Осындай пікірлерден кейін түркітануда осы жазба мұраны ескі өзбек әдебиетінің мұрасы, ескі өзбек тілінде жазылған деген тұжырымдар өрістеді. Дегенмен, түркі халықтарына ортақ мұраны бір өзбек тілінің қанжығасына салып жіберу мүмкін емес екені ақиқат.

Тарихи-салыстырмалы әдіске арқа сүйей отырып, ескерткіш лексикасын қазіргі қазақ тілімен салыстыра зерделегенде айтарлықтай нәтижеге қол жеткіздік. Бірінші кезекте қазақ

тіліндегі баламаларымен тұлғасы да, мағынасы да ортақ сөздер өте көп екені байқалды. Оларды бірнеше сөз табына, атап айтсақ зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктер, үстеулер, етістіктер, көмекші есімдер деп жіктеп, ұсындық. Мұндай екі дәуір тіліне ортақ лексикалық параллельдер қазақ тілінің тарихи лексикологиясының дерек көзі десе болады. Екі дәуірдің тілдік деректерін, лексика-семантикалық даму үдерісін салыстырмалы-тарихи зерттеудің нәтижесі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың қаншалықты екендігіне тәуелді. Ұқсастық, ортақтық лексика-семантикалық жүйенің тұрақтылығын көрсетсе, ал айырмашылық тарихи үдере (кезекпен) жылжуды, тіл дамуының, қозғалысының кезеңдерін білдіреді.

Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен дамуына, тарихи үдерістерге диахрондық тұрғыдан қараған абзал. «Ортаазиялық тәпсірдің» тіліне қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарағанда айқын байқалатын түбір-негіздер бүгінгі тілдің көне дәуірдегі ізі, тамыры. Сонымен қатар мұндай тілдік бірліктер қазіргі қазақ тілін орта ғасырлық түркі-қыпшақ, қала берді көне түркі тілімен байланыстырып тұрған құнарлы өзек. Сондықтан осындай деректерге негіздей отырып, «Ортаазиялық тәпсір» қолжазбасының тілі қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған, бүгінгі қазақ тілінің тарихы үшін аса қажетті дереккөз бола алатын жазба жәдігерлік деп тұжырымдауға болады. Зерттеу барысында қолжеткізілген тұжырымдар қазақ тілінің тарихи лексикологиясы және түркі тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы үшін де практикалық маңызы зор.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Мақала авторларының үлесі

М.Б. Сабыр зерттеу идеясын ұсынды, әдістемелік негізін жасады, деректерді жинады және мақаланың негізгі бөлімін дайындады; А.А. Болатова ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, нәтижелерді саралап, тұжырымдарды нақтылауға және мақаланы өңдеуге үлес қосты.

Әдебиеттер

- Тизенгаузен, В. Г. (1884). *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: В 2 т.* Санкт-Петербург.
- Зайончковский, А. (1967). К изучению средневековых памятников тюркской письменности (XI–XVI вв.). *Вопросы языкознания*, 6, 83–94.
- Айдаров, Ф., Құрышжанов, Ә., & Томанов, М. (1971). *Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі.* Алматы: Мектеп.
- Barthold, W. (1925). Ein Denkmal aus der Zeit der Verbreitung des Islams in Mittelasien. *Asia Major*, II(1), 125–127.
- Erdoğan, A. (1938). Kur'an tercümelerinin dil bakımından değerleri. *Vakıflar Dergisi*, 1, 47–48.
- İnan, A. (1952). Eski Kur'an tercümelerinin dili meselesi. *Türk Dili*, 7, 19.
- Боровков, А. К. (1963). *Лексика среднеазиатского тefsira XII–XIII вв.* Москва: Издательство восточной литературы.
- Borovkov, A. K. (2002). *Orta Asya'da Bulunmuş Kur'an Tefsirinin Söz Varlığı (XII–XIII. Yüzyıllar)* (H. İ. Usta & E. Amanoğlu, Çev.). Ankara: TDK Yayınları.
- Шанкишева, Д. (2013). «Ортаазиялық тәпсір» (XII–XIII ғғ.) лексикасындағы қазақ тіліне ортақ сөздер. *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*, 3(143), 264–270. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/268/259>
- Наджиб, Э. Н. (1965). *Кыпчакско-огузский литературный язык Мамлюкского Египта XIV века: автореф. дис. ... д-ра филол. наук.* Москва.
- Құрышжанов, Ә., & Ибатов, А. (1981). Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында. *Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары* (97–124-бб.). Алматы: Ғылым.
- Tajuddin, M., Sampurno, B., & Awaluddin, M. (2025). Membaca Al-Kasyf wa Al-Bayān dalam Majma' Al-Bayān (Analisis Narasi Proto Syi'ah dalam QS. Al-Ahzab/33: 33 dan QS. Al-Maidah/5: 67). *An-Nafis: Jurnal Ilmiah Keislaman dan Kemasyarakatan*, 4(1), 152–171. <https://ejurnal.stitnafistabalong.ac.id/index.php/annafis/article/view/85/67>
- Qadafy, M. Z. (2022). Challenging Al-Dhahabi's (1915–1977) authority in the historiography of tafsir: A clarification of his Salafi outlook. *Islamic Studies Review*, 1(2), 217–237. <https://journal.uiii.ac.id/index.php/istr/article/view/86/117>
- Saleh, W. (2004). *The Formation of the Classical Tradition: The Qur'an Commentary of Al-Tha'labi.* Leiden: Brill.
- Мусаев, К. М. (1984). *Лексикология тюркских языков.* Москва: Наука.
- Древнетюркский словарь.* (1969). Ленинград: Наука.
- Ибатов, А. (1974). Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының сөздігі. Алматы.
- Ахметов, Ә. (1973). *Жерұйық: Жаңа жырлар.* Алматы: Жазушы.
- Фазылов, Э. (1966). *Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV века* (Т. 1). Ташкент: Фан.
- Досқараев, Ж. Н. (1946). *Қазақ тілінің оңтүстік диалектісінің кейбір мәселелері* [Кандидаттық диссертация, қолжазба]. Алматы.
- Радлов, В. В. (1893–1910). *Опыт словаря тюркских наречий: В 4 т.* Санкт-Петербург.
- Сыздыкова, Р. (1994). *Сөздер сөйлейді.* Алматы.
- Севортян, Э. В. (1978). *Этимологический словарь тюркских языков.* Москва: Наука.

References

- Ahmetov, A. (1973). *Jerūiyq: Jaña jyrlar* [Zheruyik: New poems]. Almaty: Jazyshy. (In Kazakh)
- Aidarov, G., Qūryshjanov, Ä., & Tomanov, M. (1971). *Köne türki jazba eskertkishteriniñ tili* [The language of ancient Turkic written monuments]. Almaty: Mektep. (In Kazakh)
- Barthold, W. (1925). Ein Denkmal aus der Zeit der Verbreitung des Islams in Mittelasien [A monument from the period of the spread of Islam in Central Asia]. *Asia Major*, II(1), 125–127. (In German)
- Borovkov, A. K. (1963). *Leksika sredneaziatskogo tefsira XII–XIII vv.* [The lexicon of the Central Asian Tafsir of the 12th–13th centuries]. Moscow: Izdatelstvo vostochnoi literatury. (In Russian)
- Borovkov, A. K. (2002). *Orta Asya'da Bulunmuş Kur'an Tefsirinin Söz Varlığı (XII–XIII. Yüzyıllar)* [The vocabulary of a Qur'an tafsir found in Central Asia (12th–13th centuries)] (H. İ. Usta & E. Amanoğlu, Trans.). Ankara: TDK Yayınları. (In Turkish)
- Dosqaraev, J. N. (1946). *Qazaq tiliniñ oñtüstik dialektisiniñ keibir mäseleleri* [Some issues of the southern dialect of the Kazakh language] [Candidate dissertation, manuscript]. Almaty. (In Kazakh)
- Drevnetyurkskii slovar* [Ancient Turkic dictionary]. (1969). Leningrad: Nauka. (In Russian)
- Erdoğan, A. (1938). Kur'an tercümelerinin dil bakımından değerleri [The linguistic value of Qur'an translations]. *Vakıflar Dergisi*, 1, 47–48. (In Turkish)
- Fazylov, E. (1966). *Starouzbekskij jazyk. Horezmijskie pamjatniki XIV veka* [Old Uzbek language: Khwarezmian monuments of the 14th century] (Vol. 1). Tashkent: Fan. (In Russian)
- Ibatov, A. (1974). *Qūbtıyñ "Hūsrau ua Shyrın" poemasyñ sōzdigi* [Dictionary of Qutb's poem "Khusrau and Shirin"]. Almaty. (In Kazakh)
- İnan, A. (1952). Eski Kur'an tercümelerinin dili meselesi [The language problem of early Qur'an translations]. *Türk Dili*, 7, 19. (In Turkish)
- Musaev, K. M. (1984). *Leksikologiya tyurkskih yazikov* [Lexicology of Turkic languages]. Moscow: Nauka. (In Russian)
- Nadzhip, E. N. (1965). *Kypchaksko-oguzskij literaturnyj jazyk Mamlyukskogo Egipta XIV veka* [The Kipchak-Oghuz literary language of Mamluk Egypt in the 14th century] [Abstract of doctoral dissertation]. Moscow. (In Russian)
- Qadafy, M. Z. (2022). Challenging Al-Dhahabi's (1915–1977) authority in the historiography of tafsir: A clarification of his Salafi outlook. *Islamic Studies Review*, 1(2), 217–237. <https://journal.uiii.ac.id/index.php/istr/article/view/86/117>

Qūryshjanov, Ä., & Ibatov, A. (1981). *Ejelgi türki jazba eskertkishteri jaiynda* [On ancient Turkic written monuments]. In *Qazaq ädebi tiliniñ qalyptasu tarihy men damu joldary* [The history of formation and development of the Kazakh literary language] (pp. 97–124). Almaty: Gylym. (In Kazakh)

Radlov, V. V. (1893–1910). *Opyt slovarya tyurkskih narechij: V 4 t.* [An attempt at a dictionary of Turkic dialects: In 4 vols.]. Saint Petersburg. (In Russian)

Saleh, W. (2004). *The Formation of the Classical Tradition: The Qur'an Commentary of Al-Tha'labi*. Leiden: Brill.

Sevortyan, E. V. (1978). *Etimologicheskij slovar tyurkskih yazikov* [Etymological dictionary of Turkic languages]. Moscow: Nauka. (In Russian)

Shankisheva, D. (2013). “Ortaaziyalyq täpsir” (XII–XIII ğğ.) leksikasyndaғы qazaq tiline ortaқ sөzder [Common words with the Kazakh language in the vocabulary of the “Central Asian Tafsir” (12th–13th centuries)]. *QazҰU Habarshysy. Filologiya seriyasy* [KazNU Bulletin. Philology Series], 3(143), 264–270. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/268/259> (In Kazakh)

Syzdyqova, R. (1994). *Sөzder sөyleidi* [Words speak]. Almaty. (In Kazakh)

Tajuddin, M., Sampurno, B., & Awaluddin, M. (2025). Membaca Al-Kasyf wa Al-Bayān dalam Majma' Al-Bayān (Analisis Narasi Proto Syi'ah dalam QS. Al-Ahzab/33: 33 dan QS. Al-Maidah/5: 67). *An-Nafis: Jurnal Ilmiah Keislaman dan Kemasyarakatan*, 4(1), 152–171. <https://ejurnal.stitnafistabalong.ac.id/index.php/annafis/article/view/85/67> (In Indonesian)

Tizengauzen, V. G. (1884). *Sbornik materialov, odnosyashchikhsya k istorii Zolotoi Ordyy: V 2 t.* [A collection of materials relating to the history of the Golden Horde: In 2 vols.]. Saint Petersburg. (In Russian)

Zajonchkovskij, A. (1967). K izucheniyu srednevekovykh pamyatnikov tyurkskoj pismennosti (XI–XVI vv.) [On the study of medieval monuments of Turkic writing (11th–16th centuries)]. *Voprosy yazykoznaniya*, 6, 83–94. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Болатова Анара Аскараровна – PhD докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті (Шымкент, Қазақстан, e-mail: anara-bolatova@mail.ru).

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы (корреспонденттік автор) – филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (Орал, Қазақстан, e-mail: sabir_uralsk@mail.ru).

Information about the authors:

Bolatova Anara – PhD Student, M. Auezov South Kazakhstan Research University (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: anara-bolatova@mail.ru).

Sabyr Murat (Corresponding author) – Doctor of Philology, Professor, West Kazakhstan University of Innovation and Technology (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: sabir_uralsk@mail.ru).

Сведения об авторах:

Болатова Анара Аскараровна – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова (Шымкент, Казахстан, e-mail: anara-bolatova@mail.ru).

Сабыр Мурат Букенбаевич (автор-корреспондент) – доктор филологических наук, профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет (Уральск, Казахстан, e-mail: sabir_uralsk@mail.ru).

Келіп түсті: 3 сәуір 2026 жыл
Қабылданды: 6 маусым 2026 жыл